

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен санаторий-курорттық емдеуге және балалардың ұйымдастырылған демалысына жолдамалар сатып алу, оларды есепке алу және беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 желтоқсан N 1624.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.28. N 323 қаулысымен. ~P000323

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен санаторий-курорттық емдеуге және балалардың ұйымдастырылған демалысына жолдамалар сатып алу, оларды есепке алу және беру тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1624 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен санаторий-курорттық емдеуге және балалардың ұйымдастырылған демалысына жолдамалар сатып алу, оларды есепке алу және беру тәртібі туралы

ережені беру тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Сырқаттанудан кейін сауығуға мұқтаж болған сақтандырылған азаматтар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен санаторий-курорттық емдеуге жіберіледі, сондай-ақ ауқатсыз, толымсыз және көп балалы отбасыларының балаларын сауықтыру, олардың ұйымдастырылған демалысы жүзеге асырылады.

II. Жолдамаларды сатып алу және бөлу тәртібі

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және облыстардың, республикалық бағыныстағы қалалардың және астананың еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары санаторий-курорттық емдеуге және балаларды сауықтыруға жолдамаларды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының бюджетінде көзделген сомашегінде сатып алады.

3. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары сатып алған жолдамалар ұйымдарға және сақтандыру жарналарын басқа да төлеушілерге оларда жұмыс істейтін қызметкерлердің санына сайма-сай түрде бөлінеді.

III. Жолдамаларды беру тәртібі

4. Санаторий-курорттық емдеуге жолдамалар азаматтарға олардың жұмыс орны бойынша беріледі. Балалардың жазғы сауықтыру мекемелеріне жолдамалар ата-аналардың бірінің жұмыс орны бойынша беріледі.

5. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры қаражатының есебінен сатып алынатын жолдамалар олардың құнының 50 процентін өндіріп алу жолымен көп дегенде жылына 1 рет беріледі.

6. Ұйымдарда белгіленген тәртіппен құрылатын әлеуметтік сақтандыру жөніндегі комиссиялар немесе оларға уәкілетті адамдар балаларды санаторий-курорттық емдеуге және сауықтыруға жолдамаларды тек осы емделуге қажеттілік туралы медициналық қорытындының негізінде ғана және берілген арыздарға сәйкес олардың кезектілігі тәртібімен береді.

Заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысушы азаматтарға, сондай-ақ әлеуметтік сақтандыру комиссиялары жоқ ұйымдарға санаторий-курорттық емделуге жолдамаларды олардың тіркелген жеріндегі еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары береді.

7. Алушылар жолдаманың ішінара құнының сомасын оларды берген жердегі ұйымның кассасына тікелей төлейді.

8. Берілетін жолдамада деректемелер: жолдаманы алушы адамның әулетесімі,

әкесінің есімі, оның жұмыс орны, қызметі көрсетілуге тиіс.

9. Жолдамаға әлеуметтік сақтандыру жөніндегі комиссияның төрағасы (уәкілетті адам) қол қойып, мөр басылады.

10. Санаторий-курорттық емдеу мен демалысқа жолдамалар олардың қолданылатын мерзімі басталардан 20 күннен кешіктірілмей беріледі.

IV. Жолдамалардың есепке алынуы және олардың берілгені туралы есептілік

11. Жолдамалар ақшалай қаражатпен бірдей есепке алынуға және сақталуға т и і с .

Жолдамалар бойынша кіріс және шығыс құжаттары, шарттар, үстеме төлемдер, шоттар, олар үшін ақша төленгені туралы квитанциялар, есеп кітаптары ұйымдар мен еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдарында ақшалай кіріс-шығыс құжаттарын сақтау үшін белгіленген тәртіппен сақталады.

12. Ұйымдар тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей қалалық (аудандық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдеріне жолдамалардың пайдаланылғаны туралы белгіленген нысанда е с е п т е р т а б ы с е т е д і .

13. Облыстардың, республикалық бағыныстағы қалалардың және астананың еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-нан кешіктірмей Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жолдамалардың пайдаланылғаны туралы белгіленген нысандағы есептерді табыс е т е д і .

V. Жолдамаларды пайдалану ережелерінің бұзылғаны үшін жауапкершілік және олардың бөлінуін бақылау

14. Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдарының басшылары, әлеуметтік сақтандыру жөніндегі комиссиясының төрағалары (уәкілетті адамдар) осы Ереженің сақталуы үшін жеке жа у а п к е р ш і л і к т е б о л а д ы .

15. Жолдамалар пайдаланылмай қалған (берілмей қалған) немесе олар бөгде адамдарға, сондай-ақ денсаулығы бойынша санаторийлік емделуге тиіс емес адамдарға берілген жағдайда, кінәлілер заңдарға сәйкес тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартылады.

16. Сауықтыру орны беретін "Жолдамаға кері талон" санаторий-курорттық емдеуге жолдамалардың пайдаланылғанын қуаттайтын құжат болып табылады.

17. Жолдамаларды берген еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары

жолдамалардың дұрыс пайдаланылуын бақылайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ